



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ҚҰПИЯ ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚОЛДЫ БОЛУЫНА КІМ ЖАУАПТЫ?



Алаяқтардың алуан түрлі қитұрқылығына құқық қорғау органдары құрық сала алмай келеді. Керісінше, аяласын асырып, ізін жасырған қаскөйлер қарапайым халықтың қалтасын қағып жатыр. Соған орай сарапшылар құпия болуы тиіс жеке деректер қолды болмау үшін қауіпсіздік жүйесін күн сайын жаңарту керек десе, жауапты мекемелер кез келген күмәнді хатты міндетті түрде сүзгіден өткізуге кеңес қылады. Алматы облысында интернет-алаяқтық былтырмен салыстырғанда 89 пайызға артып, биылдың өзінде 1193 дерек тіркелген. Күні кеше облыс сақшылары 71 адамның атына микрокредит рәсімдеген қылмыстық топты құрықтады.

(Соңы 2-бетте)



ТУЫНДЫНЫ ТАБЫС КӨЗІНЕ АЙНАЛДЫРАТЫНДАР АЗ

4-бет



БІЛІКТІ ТӨРАҒА,  
БІРТУАР АЗАМАТ ЕДІ

6-бет

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ



Ерлан САИРОВ,  
Парламент Мәжілісінің депутаты:

### «ДЕПУТАТ ФРАКЦИЯҒА БАҒЫНЫШТЫ ЕМЕС»

– Ерлан Бияхметұлы, сіз үшін қолайсыз, сөйлескініз келмейтін тақырып бар ма?

– Біз саясаттанушымыз ғой, одан соң депутат болдық. Депутат деген мансап емес, белгілі бір адамның қоғамдағы нақты миссиясы. Сондықтан елді толғандыратын сұрақтардың барлығына жауап беруге тырысуымыз керек. Біздің басты міндет өз құзыретіміздің аясында халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру. Заңдардың қолайлы, тиімді болуына атсалысу. Осы мәселелер аясында қандай сұрақтар туындайды, соның барлығына жауап беруге тырысуымыз керек. Бірақ адамның жеке өмірі және кәдір-қасиеті деген кезде әрбір азаматта белгілі бір шек болу керек.

(Соңы 5-бетте)

БЕЗБЕН

## ТАҢДАУ ТҰРҒЫНДАР ҚҰЗЫРЫНДА

**БИЫЛ АЛҒАШ РЕТ АУЫЛ ӘКІМДЕРІ САЙЛАНБАҚ. СОНЫМЕН ҚАТАР КЕНТТЕРДІҢ, АУДАНДЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАЛАРДЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ ДА ӨЗ ӘКІМІН ТАҢДАЙТЫН БОЛАДЫ. ЯҒНИ, ЕЛ КӨЛЕМІНДЕГІ ӘКІМДЕРДІҢ ТОҚСАН ПАЙЫЗДАН АСТАМЫН ҚҰРАЙТЫН БҰЛ ШЕН ИЕЛЕРІНІҢ ТАҒДЫРЫ ЕНДІГІ ЖЕРДЕ ТҰРҒЫНДАР ҚҰЗЫРЫНДА.**

Нақты деректерге сүйенсек, биыл тамыз айында өтетін аталмыш сайлауда өкілеттігі 2021 жылы аяқталатын 836 әкім лауазымы үшін үміткерлер дауысқа түседі. Мемлекет басшысының жолдауда берген тапсырмасы негізінде қолға алынған шараның өз деңгейінде өтеріне сенгіміз келеді. Оны жүзеге асыру үшін әкімдерді тікелей сайлау жүйесін енгізу мәселесі бойынша заң жобасы әзірленген болатын. Президент жаңа құжаттарға ағымдағы жылдың 24 мамырында қол қойды. Жоба бойынша қолданыстағы «Сайлау туралы» заңға кандидаттар ұсыну, оларға қолдау көрсету үшін қол жинау, кандидаттарды тіркеу, сайлауды өткі-

зу, дауыстарды санау және сайлау қорытындыларын шығару тәртібі бойынша өзгерістер енгізілді.

Жалпы, мемлекеттік қызмет туралы заңнамада көрсетілгендей біліктілік талаптарына сәйкес келетін, 25 жастан асқан ел азаматы ауыл әкімі болып сайлана алады. Сайлауда саяси партиялар өз мүшелері арасынан ұсынған, дауыс беруге құқығы бар сайлаушылардың жалпы санының кемінде 1 пайызы қолдаған өзін-өзі ұсынушылар бақ сынаиды. Ескеретін жайт, бір адам бір аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі болып қатарынан екі реттен артық сайлана алмайды.

Сайлау 40 күн бұрын жарияланып, қызмет етіп отырған әкімнің өкілеттік мерзімі аяқталуға 10 күн қалғанда өтеді. Сайлау өткізілгеннен кейін үш күн ішінде қорытындысы шығарылады. Жеті күннен кейін аумақтық сайлау комиссиясы әкімді тіркеген соң ол өз өкілеттігіне кіріседі.

Заңнамада әкімнің өкілеттігін тоқтатудың бірқатар негізі де қамтылған. Құжатта айқындалған талаптар бойынша әкім өкілеттігі – әрекетке қабілетсіз немесе шектеулі, хабар-ошарсыз кетті деп тану не оны қайтыс болды деп жарияланғанда, партия мүшелігінен айырылғанда, жоғары тұрған әкімнің аудан мәслихаты депутаттарының әкімге қатысты, оның ішінде жергілікті қоғамдастық жиналысының бастамасы бойынша сенімсіздік қворумы қабылданғанда, аумақтық сайлау комиссиясы жаңадан сайланған әкімді тіркегенде, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

(Соңы 3-бетте)

## ХАЛЫҚ ӨЗ ӘКІМІН САЙЛАУҒА ДАЙЫН БА?

**Жамбыл АХМЕТБЕКОВ, Қазақстан Республикасы Мәжілісінің депутаты, Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің хатшысы:**

– Президентіміз Қ.К.Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтылған жергілікті әкімдерді тікелей сайлауды ендіру туралы тапсырмасын орындау мақсатында әзірленген «ҚР сайлау туралы» Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын жуырда ғана Сенат қарап, талқылап, мақұлдады. Жергілікті әкімдерді сайлау мәселесі бүгінгі таңда өзекті болып тұр. Менің пайымдауымша, халық бұған әлдеқашан дайын.

**Б**иыл күзде Қазақстан тарихында бірінші рет аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері тікелей әдіспен сайланады. Осыған орай бірқатар лауазымды тұлғалардың пікірін білген едік.

жоспарына енгізіп, тұрғындары көшіп кетіп жатқан ауылға үш қабатты мектеп салудың қандай қажеті бар?

**Есбол БАХИЕВ, БҚО, Бөрлі ауданы, Қанай ауылдық округінің әкімі:**

– Қанай ауылдық округінде 662 адам тұрады. 2017 жылдан бері осы ауылдық округтің әкімі қызметіндемін. Қал-қадерімнің келгенінше тұрғындардың мұң-мұқтажын шешу жолында аянбай еңбек етіп келемін. Тұрғындардың жалпы жиналысында, әкімнің есептік кездесуінде көтерілген мәселелерді ауылдағы қоғамдық кеңесте саралап, сараптап, аудандық бюджеттік комиссияға жолдаймыз. Ол жерде біз ұсынған жобаның тиімді-тиімсіздігін тексеріп, келесі жылдың қажетті қаржы бөледі. Мысал үшін айтайын, (Соңы 3-бетте)



БЕЗБЕН

# ТАҢДАУ ТҰРҒЫНДАР ҚҰЗЫРЫНДА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл ретте «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңмен реттелген аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкіміне ротация және аттестаттау жүргізу, тәртіптік теріс қылықтар мен жазалар үшін лауазымын төмендету шаралары қолданылмайды. Сондай-ақ, сайланған ауыл әкімдері әскери жиындарға шақырудан босатылады.

Сайлау әкімдердің өкілеттік мерзімінің аяқталуына қарай жергілікті бюджет есебінен өткізіледі. Бұл ретте 2021–2022 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің қолданылу кезеңінде сайлауды қаржыландыру Орталық сайлау комиссиясы арқылы республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттермен жүзеге асырылады. Кейіннен 2023 жылдан бастап бұл шығыстар жергілікті бюджеттердің шығыстар базасына енгізілетін және жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу кезінде есепке алынады. Биыл сайлауды ұйымдастыруға 4,8 млрд теңге қажет.

Сондай-ақ, «Сайлау туралы» заңға енгізілген өзгерістер аясында Парламент Мәжілісі мен мәслихат сайлауы кезінде саяси партиялардың өту шегі 7 пайыздан 5 пайызға төмендетіліп, сайлау бюллетеньдеріне «Барлығына қарсы» деген баған қосылды. Бұл талаптар азаматтардың белсенділігі мен олардың билікке деген сенімін, әкімнің халық алдындағы есептілігін және ауыл әкімінің халық проблемаларына жедел ден қоюын, сондай-ақ елдегі саяси бәсекелестікті арттыруға мүмкіндік береді деген сенім бар.

## Тақырыпқа орай

Әлі БЕКТАЕВ, Парламент Сенатының депутаты:

### ІС БІЛЕТІНДЕР ІРІКТЕЛСЕ ЕКЕН

– Әлі Әбдікәрімұлы, ауыл әкімдерін сайлау маңызы. Сіздіңше бұл шара бізге не береді?

– Әкімдерді сайлау мәселесі қоғам тарапынан көптен көтеріліп жүргені өзінше жақсы білесіз. Осыдан бес-алты жыл бұрын әкімдерді мәслихаттарда сайлау тетігі енгізілген болатын. Бұрын тікелей жоғарыдан әкімдерді тағайындайтын еді. Соңғы бес-алты жылдың көлемінде бұл қызметті аудандық, қалалық мәслихаттар атқаратын болған. Ұлттық сенім кеңесінің отырысында, одан бұрын өзінің халыққа арнаған Жолдауында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әкімдерді халықтың өзі тікелей сайлайтын уақыт келді деп, бұл шараның құқықтық негізін жасауды тапсырғаны есімізде. Соның нәтижесінде тиісті заңнамаларға өзгерістер енгізілді. Бұл ең бастысы, ауылдық жерге лайықты басшылардың келуіне, әкім жұмысына қоғамдық бақылаудың күшеюіне жол ашады деп ойлаймыз.



– Неге тек ауыл әкімдері сайланады? Қала әкімдері неге бұл шарадан тыс қалып отыр?

– Біздің мемлекетте кез келген маңызды мәселелер жан-жақты сараланып, нақты тәжірибе негізінде шешіледі. Біздегі жүргізіліп жатқан саясат та барлық жаңалықты бірден енгізіп, қателігін кейіннен түзгеннен гөрі, реформалық шараларды біртіндеп жүзеге асыруды көздейді. Бұл меніңше өте дұрыс. Бәрін бірден өзгерту оңай болғанымен, оның салдарын жою қиын. Сондықтан да не нәрсені де кезең-кезеңімен, алдыңғы шараның нәтижесіне сүйеніп қолға алудан ұтпасақ, ұтылмаймыз. Мысалы ауыл әкімдерін осыған дейін мәслихат сайлап келсе, енді құзыретті халық қалауына сай иеленетін болады. Алдағы уақытта осы шараның кемшілігі мен жетістігі ескеріле отырып, қала әкімдерін сайлау қолға алынады дегенді Мемлекет басшысы айтқан болатын. Сондықтан қала халқының құқы бұзылды деп, айқайлап, аттанға басудың жөні жоқ. Бұйырса оған да келеміз.

– Сайланған әкімдерді қызметтен алуы бұрынғыдай одан жоғары әкімдер шешеді. Бұл демократиялық қағидатқа қайшы емес пе?

– Аудан әкімі оларды өздігінен босата алмайды. Ол үшін ауылдағы қауымдастықтың әкімге сенімсіздік білдірген шешімі керек. Ауылдағы қауымдастық – белсенді тұрғындар сапынан құрылатын орган. Ауыл әкімі осы жиналыста тұрғындарға есеп беріп отыру керек. Ауылдағы қауымдастықтың жиналысы шешім шығарып, ол мәслихатқа қаралады. Тек осы ұйым сенімсіздік білдіргеннен кейін ғана әкім ауылның өкілеттігін тоқтату туралы өз байламын жүзеге асырады. Яғни, ауыл әкімін өкілеттігін айыру үш сатыдан тұрады. Мұндай тетіктердің заңда көрсетілгенін, өз басым құптаймын. Өйткені, мені халық сайлады деп, әкім білгенін іспен кетуі мүмкін. Бұл мемлекеттік қызмет, халықтың тұрмыс-тіршілігіне, тағдырына қатысты мәселе. Сонымен қатар, төртінші деңгейдегі бюджетке қатысты құзырет, сондықтан барлығы орынды.

– Әкімдіктен тек қана саяси партия мүшелері ғана үміттен алады деген әңгіме естіп қалдық. Бұл қаниалықты рас?

– Тиісті заңнамадағы өзгерістер негізінде әкімдікке тек саяси партия мүшелері ғана емес, жекелеген азаматтар да өз кандидатурасын ұсына алады. Бірақ үміткер ауыл әкімі мемлекеттік қызметкер болғандықтан, оған қойылатын тиісті талаптарға сай болуы керек. Жасы, білімі, біліктілігі бойынша лайықты үміткерлердің бәріне өз бағын сынап көруге жол ашық. Тек солардың ішінен халық қолынан іс келетін адамды таңдай алса болғаны.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»

## МҰНЫ АЙТПАСҚА БОЛА МА?

Нарықтық қоғамдағы тауар мен қызметте сапа мен баға басты өлшем болуы тиіс. Алайда Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) елдерінде соңғы жылдары бәрі керісінше боп тұр. Олардың өзге тұрмақ, өз одақтастарының кейбір өніміне түрлі шектеулер енгізіп, белгілі бір уақыттан кейін ғана оны қайта қалпына келтіру бүгінде үйреншікті жайтқа айналды. Тіпті, кей кезде тыйымның негізсіз екені дәлелденсе де, бұл үшін ешкім ешқандай жауапкершілікті мойнына алған емес.

Шектеу салдарынан өз өнімін екінші тараппен тиісті келісімшарты бола тұрып сата алмаған өндіруші де, тұты-



# САУДАДА НАРЫҚТАН ГӨРІ САЯСАТТЫҢ ҮСТЕМДІГІ БАСЫМ

нушы да белгілі бір деңгейде зардап шегіп жүр. Алайда оның таңдау құқығы бұзылғанын ешкім, ешқашан назарға алмайды. Мәселен, соңғы 1 айдың көлемінде Алматы іргесіндегі «Алтын Орда» базарында Түрікменстаннан әкелінген қызанақтар жақсы саудалана бастаған еді. Бұл бұған дейін 500-800 теңге аралығында сатылып келген қызанақ бағасының 350-500 теңгеге дейін түсуіне өз септігін тигізген. Енді ҚР АШМ Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитеті дүйсенбіден бастап Түрікменстаннан қызанақ пен бұрыш өнімдерін әкелуге тыйым салатынын жариялады. Олардың таратқан хабарламасына қарағанда Түрікменстаннан жеткізілетін қызанақтарға карантиндік фитосанитариялық бақылау жүргізу кезінде «қоңыр әжім» вирусының 19 дерегі анықталған. «Сәйкессіздік және шұғыл әрекет ету туралы нотификациялау нұсқаулығы» фитосанитариялық шаралар жөніндегі халықаралық стандарттың ережесіне сәйкес Түрікменстанның өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік қызметінің атына карантиндік фитосанитариялық талаптардың бұзылуы туралы нотификация жіберген.

Министрлік сайтындағы бұл мәліметке қарағанда өсімдіктер карантині саласында жыл басынан бері Қазақстанда 1300-ден астам заң бұзушылық анықталған. Экспорттаушы елдерге кері қайтарылған 8 мың тоннадан астам өнімнің 6022,2 тоннасы Қытай, 1136,2 тоннасы Ресей, 439,2 тоннасы Өзбекстан, 307,4 тоннасы Қырғызстан, 303,6 тоннасы Әзірбайжан, 243 тоннасы Иран, 212,5 тоннасы Түрікменстаннан. Оның басым бөлігі қызанақ, бұрыш және арпа өнімдері. Онда қызанақ жемістерінің қоңыр әжім вирусы, арамсою, батыс гүл трипсі, Комсток құрты және тағы басқа

карантиндік объектілер анықталған көрінеді. Бұл бір қарағанды қауіпсіздік үшін жасалғандай көрінуі күмәнсіз.

Алайда, біздің зерттеуімізше өсімдіктер карантині бойынша ПТР жасайтын зертхана қазіргі таңда тек Алматыда ғана бар. Өзге өңірлер карантиндік өнімнің зертханалық қорытындысын алу үшін оның үлгісін Алматыға жіберіп жүр. Бұл қорытынды шыққанша өнімдер кеденде қаңтарылып тұрады. Ғылым мен техника қарыштап дамып жатқан

лыстың аумағында тұрғандықтан, онда саудаланып келген Түрікменстанның қызанағын Алматы қаласының аумақтық инспекциясы бақылай алмайды. Оның карантиндік тексеруден қалай өткенін Қарасай ауданының аумақтық инспекциясы ғана айта алады. Айтпақшы Алматы қаласы арқылы соңғы 5 айда Ресейге 475,1 тонна қызанақ, БАӘ-не 0,9 тонна қызанақ экспортталған. Импортқа қайта айналып келер болсақ, ақпан айында Алматы қаласына Түркиядан 1 автокөлікпен жеткізіл-

**А**лайда біздің зерттеуіміз бойынша өсімдіктер карантині бойынша ПТР жасайтын зертхана қазіргі таңда тек Алматыда ғана бар. Өзге өңірлер карантиндік өнімнің зертханалық қорытындысын алу үшін оның үлгісін Алматыға жіберіп жүр. Бұл қорытынды шыққанша өнімдер кеденде қаңтарылып тұрады. Ғылым мен техника қарыштап дамып жатқан Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің өзіне қарасты ұйымдарды қажетті зертханалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ете алмай отырғаны көңілге кірбің түсіретін-ақ нәрсе. Мұндай жағдайдан кейін азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі туралы толық сеніммен айтудың өзі оңай емес.

уақытта Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің өзіне қарасты ұйымдарды қажетті зертханалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ете алмай отырғаны көңілге кірбің түсіретін-ақ нәрсе. Мұндай жағдайдан кейін азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі туралы толық сеніммен айтудың өзі оңай емес.

Мысалы, Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Алматы қаласы бойынша аумақтық инспекциясының бөлім басшысы міндетін атқарушы Лаура Телеуованың айтуынша, биыл 5 айда олардың фитосанитариялық бақылау бекеттері арқылы Түркиядан 133,8 тонна тәтті бұрыш, Ресейден 2,6 тонна тәтті бұрыш, Түрікменстаннан 18 тонна қызанақ импортталған. Ал Алматыны азық-түлікпен қамтамасыз ететін негізгі сауда орны болғанына қарамастан «Алтын Орда» базары қаланың емес, об-

лестің өсімдіктер карантиніне жатқызылған 15025 кг қызанақтан қоңыр қатпарлы қызанақ вирусы табылып, залалданған өнімді кері қайтару туралы нұсқама берілген еді. Алайда, қайту жолында автокөліктің бұзылуына байланысты жүк иесі көлікті кері қайтарып, 4 наурыз күні залалданған өнім комиссияның қатысуымен Қазақстан аумағында жойылған. Жалпы, қоңыр қатпарлы қызанақ вирусы қызанақты, тәтті бұрышты, баклажанды және басқа алқа тұқымдас өсімдіктерді зақымдайды. Ал әлі үлгіге дейін өзге елдердің мұндай залалды өнімдерінің келген жеріне толық кері қайтарылмай, біздің елімізде жойылуының өзі біздің отандық заңнамада әлі де түйткілді тұрғандықтан жеткілікті екенін аңғартады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

## СОТ ІС ҚАРАДЫ

# САПАСЫЗ ҚҰРЫЛЫС САЛДАРЫ

Ақтөбе сотында «Жилище» құрылыс компаниясына қатысты сот процесі аяқталуға жақын. Мемлекеттік айыптаушы сот жарыссөзінде кооператив басшысы Нұрлан Қауысовты 8 жылға бас бостандығынан айыруды сұрады.

Тергеу органдары кооператив басшысына 170 салымшының ақшасын жымқырды деген айып тақты. Жәбірленушілерге келген шығын 339 млн теңгеден асады. Тұрғындар Батыс-2 ауданындағы көп қабатты үйді осыдан үш жыл бұрын алған. Алайда, құрылыс сапасыз жүргізілген. Сыртқы қасбетінің сылағы түскен, есіктердің жақтауы құлаған. Көріз құбырлары дұрыс салынбағандықтан, жағымсыз иіс шыққан. Тіпті үй ауласында жарық бағаны мен көгал да болмаған. Жоға-

ры қабатта орналасқан пәтерлердің төбесінен су аққан. Жана үйге кірген тұрғындар барлығын өз күштерімен қайтадан жөндеп, ауыстыруға тура келгенін айтады.

– Мен «Жилище» тұрғын үй кооперативімен 2017 жылы келісімшартқа отырдым. 2 бөлмелі және 1 бөлмелі пәтер алдым. Баспананың 1 шаршы метрі 126 мың теңгеге бағаланды. Үйдің кемшілігі өте көп. Сапасы нашар. Айналаға асфальт төселмеген. Балалардың алаңы да дұрыс жасалмаған. Жертөлеміз қара топырақ күйінде жатыр. Ылғал болғандықтан, жаздай тышқанмен алысамыз. Тұрғындар барлығын өз ақшасына жасатты. Үй сапасыз болғандықтан, көпшілігі пәтерлерін сатып, қашып жатыр. Қазір үйдің сырты үгітіліп, түсуде. Ертенгі

күні оның құлап қалғанына кім кепіл?! – дейді Гулшат Мәмбетова.

Сот отырысы ашық болғанымен, онлайн режимінде өтіп жатыр. Қамауда отырған Нұрлан Қауысов өзіне тағылған айыпты мойындамады.

– Істе ешбір дәлел болмаса да қамауда отырғаным 10 ай болды. Ал мен бостандыққа шығып, үй салғым келеді. Отбасыма, қоғамға пайда әкелсем деймін. Егер тек күдікпен түрмеге отырғыза берсе, ертең кәсіпкерлікпен кім айналысады?! Мені ақтап шығуыңызды, әділдік орнатуыңызды сұраймын, – деді ол соңғы сөзінде.

Келесі сот отырысы 15 маусымға белгіленді. Соттың қандай үкім шығаратынын алдағы уақытта білеміз.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА,  
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

# ХАЛЫҚ ӨЗ ӘКІМІН САЙЛАУҒА ДАЙЫН БА?



Жамбыл АХМЕТБЕКОВ, Қазақстан Республикасы Мәжілісінің депутаты, Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің хатшысы:

– Өйткені елге, жерге жаны аштын, қолынан іс келетін әкімдерді сайлауды жергілікті тұрғындар баяғыдан-ақ сұрап келеді. Заң талаптарына сәйкес, әкім сайлауына жасы 25-тен асқан, жоғары білімі және кемі бір жыл мемлекеттік қызмет атқарған я мемлекеттік органға жатпайтын ұйымда кемі

екі жыл жетекші болып істеген азамат қатыса алады. Ауылды көтеріп, көркейтпін, дамыту үшін осы талаптарға сай келетін, білімді де іскер, қабілетті, елдің, халықтың тағдырына бейжай қарамайтын, жергілікті жерлердегі проблемалардың шешілуіне ықпал ете алатын азаматтар қажет. Ал халық осындай басшыны күтеді және үлкен үміт артады. Ауыл әкімдерінің сайлауы әділ өтеді деген сенімдемін.

Есбол БАХИЕВ, БҚО, Бөрлі ауданы, Қанай ауылдық округінің әкімі:

– Сондықтан тиімсіз деп танылған мұндай жобаны комиссия мақұлдамайды. Өйткені мемлекет қаражатын ысырап етпей, барынша үнемдеуіміз қажет.

Қанай ауылы күре жолдың бойында орналасқан. Табиғаты тамаша, мал ұстауға мүмкіндік мол. Ауылда халыққа қажетті жағдайлар жасалған: жол бар, су мен көгілдір отын кіріп тұр. Айталық, ауылға енді тұрғындар демалатын саябақ немесе балалар алаңқайы қажет. Бұл жобаны ұсынғанда, саябаққа келушілердің болатынына сенімдіміз. Жобаның тиімділігі дегеніміз осы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқан «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына куә болып отырмыз.

Ауыл тұрғындары алдағы уақытта елімізде болатын әкімдерді сайлаудың жаңа жүйесін қолдап, оң пікірлерін білдіруде. Олар тікелей әдіспен сайланған әкім халықтың ұсынысына көңіл бөліп, елмен бірге «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» еңбек етеді деген сенімде.



Сауланаманы дайындаған Айгүл АХМЕТОВА, «Заң газеті»

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

# ТУЫНДЫНЫ ТАБЫС КӨЗІНЕ АЙНАЛДЫРАТЫНДАР АЗ



орындаушылар бар емес пе? Мысалы, оркестр. Олардың құқығы (сабақтас құқық) қайда қалады? Міне, осының бәрін ескеру керек, – дейді Т.Төлегенов.

Кино саласындағы құқықтық қатынастардың реттелуі – ең қиын процесс. Өйткені, аудиовизуалдық туындыны жасау мен оны әрі қарай пайдалану барысында авторлық құқық пен сабақтас құқықтың бірнеше субъектісінің қатысуы талап етіледі. Аудиовизуалды туындыны өндіруші деп әдетте сол туындыны жасау туралы бастама көтеріп, мойнына жауапкершілік жүктеген продюсерді атаймыз. Оның өндіруші екенінің дәлелі табылмаған жағдайда аудиовизуалды туындыны өндіруші деп сол туындыда есімі немесе атауы көрсетілген тұлға саналады («Авторлық құқық пен сабақтас құқықтар туралы» заңның 2-бабының 11-тармағы). Бұл орайда фильм өндірудің негізгі мақсатының бірі ретінде сол фильмді пайдаланудың авторлық және сабақтас құқықтарының айрықша құқығын иеленуші тұлға бола алатын «құқық иесі» мәртебесін иеленуді атап өткен жөн. Енді фильмнің авторлық және сабақтас құқықтары кімге тиесілі болуы мүмкін деген сауалға келейік.

Жоғарыда аталған заңның 13-бабының 1-тармағына сәйкес:

- 1) сценарий авторы;
- 2) осы аудиовизуалды туынды үшін арнайы әзірленген музыкалық туындының (мәтінімен немесе мәтінсіз) авторы (композитор);
- 3) қоюшы-режиссер;
- 4) қоюшы-оператор;
- 5) қоюшы-суретші

фильмнің авторлары саналады. Сабақтас құқықтарға осы фильмде ойнаған актерлер ие болады. Бұл жерде

басты, екінші дәрежелі және эпизодтық рөлдерді орындаушылар туралы сөз болып отыр. Ал көпшілік көріністерге түсетін адамдар актер саналмайды, өйткені олар фильмнің мазмұнына тікелей қатысты образ бейнелеуге қатыспайды, демек, олармен сабақтас құқыққа ие болу туралы келісімшарт жасалмайды. Яғни, «құқық иесі» мәртебесін иелену үшін фильмнің продюсері туынды авторларының (жоғарыда көрсетілген бестік) және рөлдерді сомдаушылардың келісімін алуы керек.

Әдетте түсіру жұмыстары аяқталған соң, таспаланған материалды монтаждау кезеңі басталады, фильмдегі құқықтар мәселесін реттеу де, міне, осы кезде қызады. Ең алдымен, заңгерлер фильмде қолданылған музыкалық туындының иелерінен лицензия/рұқсат алады. Көп жағдайда режиссер өзінің түпкі ойына сәйкес келетін, оны мейлінше аша түсетін музыкалық материалды пайдаланады. Ал ол музыканың да өз құқық иесі бар екені мәлім. Дыбыс режиссері фильмде қолданылатын фондық музыканы да (аспапта орындалатыны болсын, радиостансадан берілетіні болсын) мұқият қадағалауы қажет. Өйтпесе, фильм авторларын «құқық иесінің рұқсатынсыз пайдаланды» деп айыптауы мүмкін.

Музыкаға мүліктік құқықты коммерциялық тұрғыдан басқаруды, әдетте, музыкалық баспалар (паблишингтер) және музыкалық лейблдер жүзеге асырады. Егер фильмге шетелдік музыканы пайдаланбақ болсаңыз, сол туындыға ие тиісті компанияны анықтап, оның сайтына кіріп, өтінім парағын толтырасыз жеткілікті – олар бұл музыканы фильмде пайдалану құны қанша екенін есептеп, жазып жібереді.

Ал Қазақстан музыкасына келсек, жағдай сәл қиындау және арзандау. Себебі, отандық музыка саласында ондай коммерциялық компаниялар жоқтың қасы, бар болса да, мұндай қызметтің мәнісін ұғыну деңгейі тым төмен. Арзан болатыны – біздің музыканттармен тікелей келісімге келу қиын емес және ол аса қымбатқа түспейді. Мұндай рұқсатты «авторлар қоғамы» деп аталатын мекемелер бере алмайды, өйткені, олардың коммерциялық қызметпен айналысуына заң бойынша тыйым салынған.

Енді визуалды контент жағына келсек, әсіресе, кинокадрға мекемелердің компаниялардың және т.б. брендтердің жарнамалық маңдайша жазуларының ілініп қалмауын қадағалаған жөн, не ондай атауларға мүлде жоламаған дұрыс, не алдын ала рұқсат алған абзал. Әрине, сауда брендіне ие компанияның өзі «фильм кадрында көрінсе екен» деген өтінішпен ақша төлемек болып, продакт-плейсмент шартына қол қойып жатса, онда сөз басқа...

Бір қазақстандық белгілі композитор өзінің музыкалық туындысын көрмелерде, спорттық іс-шараларда, театрландырылған қойылымдарда пайдаланудың айрықша құқығын ірі кинокомпанияға беру туралы келісімшартқа қол қоя салыпты. Енді сол музыканың әр орындалуынан өндірілетін табыс автордың емес, кинокомпанияның қалтасына түсіп жатыр. Бұл аз болғандай, келісімшартта фильмнің прокаттан табатын табысынан композиторға бір тиын да пайыз түспейтіні көрсетілген екен. Яғни, ол келісімшартты дұрыстап оқымаған, қарамаған. Заңдық жағын өзі түсінбейтін болған соң, маманға жүгінуі қажет еді, бірақ ол да ойына келмеген. Енді өзінен басқа ешкімді де айыптай алмайды.

Еліміздегі өнер мен мәдениет нарығын дамытуға үлес қосатын саланың бірі ғана емес, бірегейі – осы авторлық құқық саласы. Бұл мәселеге қатысты кілтпанның бәрі жақында жарық көретін «Все об авторском праве в Казахстане!» атты кітапта толық қамтылмақ.

Жазып алған  
Сәкен СЫБАНБАЙ

**А**вторлық құқық саласындағы жетекші сарапшы, заңгер Темірлан Төлегенов шығармашылық адамдарының құқықтық сауатын ашу, жетілдіру бағытында біршама іс атқарып жүр. Өткен аптада ол Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының Алматыдағы кеңсесінде дәріс оқыды.

– Кез келген шығармашылық процесс екі кезеңнен – зияткерлік меншік өнімін өндіру және оны пайдалану кезеңдерінен тұрады, – деді ол әңгімесінің басында. – Біздің елде неге нағыз шоу-бизнес пен мәдениет индустриясы дамымай жатыр? Өйткені, білікті мәдениет және өнер қайраткерлері көп болғанымен, бізде олардың дүниеге әкелген шығармашылық өнімдерін ақшаға айналдыра білетін менеджерлер жүйесі жоқ. Өнер адамдары шығарма тудыра алады, бірақ оны тура мағынасында бағалап, пайдалану және пайда табу жөнінен жасалып жатқан жұмыс аз. Біздегі мәдениет қайраткерлері «Ав-

торлық құқық пен сабақтас құқықтар туралы» заңды мұқият оқып, зерттеп, өз құқықтарын қорғай білуі қажет.

– Мәселен, сіз фильмдегі бір композитордың туындысын пайдаланбақсыз. Ол композитор дүниеден өтіп кеткен. Марқұмның шығармасын емін-еркін пайдалана аласыз ба? Жоқ. Біріншіден, авторлық құқық автор қайтыс болғаннан кейін тағыз 70 жыл бойы сақталып, яғни оны рұқсатсыз, ақсыз пайдалансаңыз – автордың ұрпақтары немесе мирасқоры сізден қаламақы талап ете алады. Екіншіден, автор көз жұмғаннан бері тіпті жүз жыл өтіп кетсін дейік, бәрібір оның шығармасын

КӨКЕЙКЕСТІ

**Т**іл – әрбір ұлттың асыл қазынасы. Тіл бар жерде ұлт бар. Тіл жоғалған жерде ұлттың да жоғалатыны белгілі. Әлемдік сарапшылар дүниежүзінде күніне бірнеше тілдің өлі тілдер қатарына қосылатынын айтады. Қазақ тілі сондай қажетсіз тілдер санатына кірмеу үшін әрқайсысымыз күресуіміз, мемлекеттік тілдің мерейін өсіруге атсалысуымыз керек.

# ТІЛГЕ БАПТЫҢ ДА, ТАҚТЫҢ ДА ҚАЖЕТІ ЖОҚ

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтеміз, қадірін арттырамыз деген жалаң сөзден қазақ тілінің бағасы артып кетпейді. Тілді тұғырына көтеру үшін оған баптын да, тақтың да қажеті жоқ. Ол үшін маңыздысы әрбір адам тек туған тілінде сөйлеп, өзгелердің де қазақ тілінде ойын жеткізуіне көмектесуі керек.

Ана тілін дамытудың алтын бесігі – отбасы. Өзін сыйлаған әрбір азамат отбасындағы басты тіл – қазақ тілі екенін өзі ісімен дәлелдегені жөн. Қазақ тілінің қайнарынан қанып ішіп, бесік жырын құлағына құйып өскен баланың мемлекеттік тілге де, мемлекеттің мүддесіне де қырын қарамайтыны анық. Өкінішке орай, отбасындағы тәрбиенің осалдығынан, тілге деген жанашырлықтың төмендігінен қазақ тілінің бүгінгі халі өте мүшкіл. Мемлекеттік мәртебесі болғанымен, ана тілімізді мойындайтындар аз. Себебі, талап жоқ! Мемлекеттік мекемелердің өзінде мемлекеттік тілде білмейтіндер жетерлік.

Бұл үлкен кемшілік. Қазақ тілін қажет тілге айналдыру үшін мемлекеттік мәнсаптың беделін өсіріп қоймай, сонымен бірге мемлекеттік тілді білмейтіндердің мемлекеттік қызмет істей алмайтынын нақтылап алу керек. Мәселен қазір үлкен жиындардың барлығы дерлік ресми тілде өтеді. Қазақ тілі көпшілікпен аман-дасып, қоштасуда ғана керек сияқты. Неге? Мұны құзырлы орындар көпшіліктің уақытын үнемдеу үшін жасалған амал деп ақталып жатады. Жиында айтылған мәселелер барша жұртқа түсінікті болу үшін, аудармашы қызметіне жүгінбес үшін ресми тіл таңдалады деген уәжді де жиі естиміз. Сонда бүкіл залда әрі кетсе екі-үш өзге ұлт өкілі отыруы мүмкін. Міне, еліміздің тәуелсіздік алғанына отыз жыл болды. Осы отыз жыл бойы біз өзге ұлттарға қолайлы болуы үшін, өзге ұлттардың көңіліне тимеу үшін жиындарды ресми тілде өткізіп келдік. Ал тұрғылықты халықтың шексіз ықылас-ниетіне алғыс ретінде осы бауыр-



ларымыз неге Қазақстанның мемлекеттік тілін үйреніп алмады деген ой келеді. Ол аздай, қазір қазақша білмейтін, сөйлемейтін қазақтар көбейді. Қазақ тілінің қадірін кетіретін осы үрдіс қашанға дейін жалғаса бермек.

Мұндай кемшіліктен сот саласы да ада дей алмаймыз. Кіріс-шығыс құжаттарын мемлекеттік тілде жүргізімізбен, сот саласында қаралатын істердің басым бөлігі ресми тілде жүргізіледі. Әрине, сотқа арыз-шағым қай тілде түссе, іс сол тілде қаралатыны түсінікті. Бірақ, өндіріске қазақша түскен санаулы істің өзін мемлекеттік тілде қарай алмай, сыңға қалып жатқан әріптестеріміз де жоқ емес. Олар қалай қазылыққа қабылданған? Жалпы, бізде мемлекет атынан үкім шығаратын сот корпусына екі тілді таза білетін, еркін сөйлейтін мамандарды іріктеуге не кедергі?

Одан бөлек судьялыққа үміткерлердің қатаң сүзгіден өтетіні, талаптың күшейтілгені рас. Өкінішке орай, осы сынақты алатын адамдардың өзі мемлекеттік тілді жетік білмейді. Сондықтан Жоғары сот кеңесі үміткерлерді іріктейтін

комиссия құрамына неғұрлым мемлекеттік тілді жақсы білетін мамандарды тартса жөн болар еді. Сындын өткізіп отырған мамандар қазақ тілін білмеген соң, үміткерлерден өзі білмегенді қалай талап ете алады? Бұл өте өзекті мәселе. Алдағы уақытта осы жағдай Жоғары сот кеңесі тарапынан ескерілсе дейміз.

Тағы бір айта кетерлігі бізде телеарналарда болсын, ғаламторда болсын қазақ тіліндегі контенттер аз. Осы жағына мән беріп, тіл үйренушілерге жол көрсететін қазақтілді ақпарат көздерін көбейтсек, нұр үстіне нұр болмақ. Кәсіби шеберлікке бейімдейтін бағдарламаларды былай қойғанда, жұмысбасты ата-аналардың балалары бос уақытында тек ресми тілдегі контенттерді көруге мәжбүр. Көргені, естігені орыс тіліндегі бағдарламалар болғандықтан, олардың тілін орысша шығатыны заңдылық. Міне сондықтан да қазақ тілінің дамуына кедергісін тигізетін кемшіліктерден дер кезінде арылғанымыз абзал.

Жамбыл БАЯТАР,  
Тарбағатай аудандық  
№2 соты төрағасының м.а.  
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН  
ОБЛЫСЫ

КИЕ

# БОЙТҰМАР

**Т**іл – біздің рухани байлығымыз, теңдесіз асыл қазынамыз. Ұлт пен ұлтты бір-бірінен ерекшелейтін де осы тілі емес пе?! Ал тілсіз ұлттың өмір сүруі мүмкін емес. Сондықтан, анамыздың ақ сүтімен, өлдімен дарыған тілімізді құрметтеу баршамыздың ортақ міндетіміз.

Тәуелсіздіктің арайлы таңы атып, тілімізді нығайтуда осы уақытқа дейін талай іс-шаралар жасалды. Сондай-ақ, мемлекеттік тіліміздің мәртебесі айқындалып, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заң қабылданды. Мемлекет басшысы да халыққа жолдаған әр жолдауы мен салмақты бағдарламаларында тілге қамқорлық танытып келеді. Ата Заңымыздың 7-бабында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп тайға таңба басқандай айшықталған. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңның 4-бабында мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі екені, Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы екендігі көрсетілген. Мемлекеттік тіліміз, яғни, қазақ тілі – тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашқы ондықтардың сатысында болса, дүниежүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жүз тілдің және мемлекеттік мәртебеге ие екі жүз тілдің қатарында тұр.

Еліміздің сот төрелігінде де мемлекеттік тіліміздің мәртебесі биік. Атап айтсақ, сот кеңселеріндегі қарым-қатынас тілі толығымен мемлекеттік тілге ауыстырылып, соттардағы кіріс-шығыс хат-хабарлар, ішкі хат-хабарлар мемлекеттік тілде жазылуда. Сонымен қатар, қазіргі таңда соттағы салмақты іс-шаралардың барлығы мемлекеттік тілде өткізіліп келеді. Қылмыстық процесстің кодекстің 30-бабы мен Азаматтық процесстің кодекстің 14-бабына сәйкес, сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал заңда белгіленген жағдайларда басқа тілдер де қолданылады деп көрсетілгені белгілі. Осы орайда, қазақлықтың қаймағы бұзылмаған Маңғыстауда сот отырыстарының басым бөлігі мемлекеттік тілде өткізіледі десек қателеспейміз.

Елбасымыздың «Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені ол ұлтымыздың анасы», – деген керемет сөзі бар. Шын мәнінде, егеменді еліміздің тірегі, ұлтымыздың айшығы, мәңгілік бойтұмарымыз – біздің тіліміз. Ал, осынау сөзге бай, құнарлы әрі нәрлі тілді құрметтеу ортақ парыз.

Жаңылхан ЖУСУПОВА,  
Маңғыстау облысы кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Парламентке «Nur Otan» партиясынан сайланып отырсыз. Бүгінде, қоғамда партиялық тізіммен сайлануға наразылық бар. Бірқатар саясаттанушы сайлауға түсетін кандидаттың әрқайсысына жеке-жеке дауыс беру қажеттігін айтады. Негізі осы бағыт әділеттілікке жақын секілді...

– Халықаралық аспектіде саяси шаралар пропорционалдық пен мажоритарлық жүйеге негізделген англосаксондық және батыстың моделіне сай жүреді. Қазақстанда саяси партиялардың рөлін арттыру және аймақтарда саяси партиялардың жұмысын жетілдіру үшін пропорционалдық жүйе таңдалып алынды. Бұл дұрыс бағыт деп ойлаймын. Оның үстіне, жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз жарлығымен Парламентке өту кедергісін бес пайызға азайтты. Енді келесі шақырылымдарда заң шығарушы органға басқа да партиялар енуі мүмкін. Менің ойымша, Қазақстанның бүгінгі саяси жүйесінде осы пропорционалдық жүйе өзін өзі ақтап отыр. Бұрын аймақтардағы мәслихаттардың үні

негізгі фактор. Сонымен қатар, Сенатта бірінші оқылымда қабылданған Қазақстандағы жер қатынастары мәселесі бойынша құрылған жұмыс тобында болдым. Онда ауыл-аймақтардағы жайылым мәселесін реттейтін, нақтылап айтқанда, жерді алуда жергілікті

рухани әлемді енгізу керек. Тіл рухани әлемге тікелей байланысты. Қазақтың рухани әлемі кең болатын болса, төл тіліміз еркін пайдаланылатын болады.

– Бұл үрдіс қалай жүру керек?

– Мысалы жер бетінде еврейлер 9 млн. Ал Израил араб және ағылшын

тілінде сөйлейді. Солай бола тұра олар 2000 жыл бұрын құрып кеткен тілін қалпына келтірді.



Ерлан САИРОВ,  
Парламент Мәжілісінің депутаты:

# «ДЕПУТАТ ФРАКЦИЯҒА БАҒЫНЫШТЫ ЕМЕС»

естілмейтін. Қазір байқасаңыз, олар аудандарда жүйелі түрде жұмыс жүргізіп жатыр. Бұл саяси жүйеге басқа буынның келгендігін және оның аймақтағы мәселелерді шешуде рөлі артқанын көрсетеді. Әрине, өмір бір орында тұрмайды. Егер қажеттілік болса, мажоритарлық жүйені де ойластырған жөн.

– Пропорционалды сайлау жүйесі өзін қалай ақтап отыр? Оның нақты мысалы бар ма?

– Қазір мәселені Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты өте белсенді жұмыс істеп жатыр. Бас қала үшін ең негізгі мәселе – оның аумағына кіретін ауылдар. Жол, ғаламтор байланысы мына іргеді тұрған Илинкәге да жетпеген. Осы мәселені қазір мәслихат көтеруде. Сонымен бірге Маңғыстау, Ақтау, Жаңаөзендегі мәслихаттар өте жақсы жұмыс істеуде. Бұл қуантады. Өйткені, саяси процестер тек Нұр-Сұлтанда ғана емес, еліміздің барлық аймақтарында жүру керек.

– Мажоритарлық сайлауға қошу бүгінде жиі көтерілетін мәселе болып жүр. Бұл тұрғыда партиялық тізіммен сайланатын депутаттардың фракция төрағаларына бағынышты деген пікірлер айтылып қалады. Расында солай ма?

– Ондай ештеңе жоқ. Өз басым қажет деп санаған әлеуметтік мәселенің бәрін көтеріп жатырмын. Төрт айдың ішінде балалар суицидін, ауылдардағы жол мәселесін, өндірістегі өлім-жітім жайлы депутаттық сауалдар жасадым. Меніңше, барлығы әрбір депутаттың өз ұстанымына беріктігіне, біліктілік деңгейіне байланысты. Фракция басшылары да біз секілді депутат болғандықтан Парламентте барлығымыздың құқымыз тең. Сондықтан оларға депутаттар бағынышты деген пікірмен мүлдем келіспеймін. Әрбір депутат өз позициясына келгенде тәуелсіз.

– Қандай заңнамалық құжаттар бойынша жұмыс тобында барсыз? Оларға қатысты негізгі ұсыныс, бастамаларыңызды айта кетсеңіз.

– Қазақстандағы «Сайлау туралы» заң жобасы бойынша құрылған жұмысшы тобының құрамына кірдім. Онда біз осы ауыл-аймақтардағы әкімдікке түсу процесін жеңілдетуге назар аудардық. Яғни, әкімдікке тек қана партиялар емес, жеке адамдар да өзін өзі ұсына алады. Бұл адамдардың конституциялық құқын іске асырудағы ең

жерде тұратын азаматтарға жеңілдік беру тетіктері жасалды.

– Бірақ түбегейлі шешім қабылданған жоқ. Тағы да бес жылға мораторий жарияланды ғой. Мұның себебін қалай түсіндіресіз?

– Мәселе мораторийде емес, азаматтар құқының тапталып жатқандығында. Менің ойымша ең негізгі мәселе – жерді экономикалық айналымға енгізу. Өйткені, ол – экономикалық категория болғандықтан, біздің экономикамызға жақсы әсер етіп, мемлекетке, халыққа пайда әкелуі керек. Сондықтан жердің экономикалық әлеуетін арттыру алдыңғы кезекке шығу керек. Осы тұрғыда қазір қоғамда қызу дискуссия жүріп жатыр. Бұл мәселе болашақта шешілуі ықтимал. Сіздің заңнамаларға қатысты сұрағыңызға келетін болсақ, үшінші заң ретерлікке қарсы туралы заң. Осы құжатқа біз біреудің бизнесін тартып алу мақсатында жымысқы іс-қимылға баратын белгілі бір азаматтардың жауапкершілігін арттыру талабын белгіледік.

– Байқауымыз кейбір әріптестеріңіз қазақшасы жақсы бола тұра, депутаттық сауалын орысша жолдайды. Қазақ тілінің қазіргі мүшкіл жағдайына бұл нашар үлгі екенін басқа-басқа, осы қалаулылардың ескермейтіні өзекті өртейді...

– Қазақ қоғамы орыстанып бара жатыр деп жыйлай беруге болмайды. Бүгінгі таңда қандастарымыздың саны елдегі халықтың жетпіс пайызына жетті. Және де осы мемлекеттік тілде жетік сөйлейтін жеткіншек ұрпағымыз өсіп, тәрбиеленуде. Қазір Парламент Мәжілісінде бүкіл комитеттердің, сонымен қатар пленарлық жиналыстардың барлығы мемлекеттік тілде өтеді. Өз басым комитетке келген бүкіл министрліктердің мемлекеттік тілде сөйлеуін бақылап отырамын.

– Десе де, түсінікті тіл деп орысша сөйлеп кетушілер шенділердің арасында көп. Жалпы, осы мемлекеттік тілдің мәртебесін қалай көтереміз?

– Біз жаһандану әлемінде өмір сүріп жатырмыз. Оның ағымдары қаласақ та, қаламасақ та қазақ қоғамына ене береді. Қазақстан егеменді мемлекет болғанымен, халқымыздың саны 18 миллион ғана. Ал қазіргі таңда Қытайдағы бір қалада халықтың саны 45 млн. Сондықтан біздің елімізде мемлекеттік тілді дамыту үшін балабақша, мектептердегі балалардың миына тілді ғана емес,

Еврейлер бұған мықты ұлттық рухтың арқасында қол жеткізді. Қазақ тілі тұғырына қону үшін әр қазақтың бойында өз ұлтына деген сүйіспеншілік, патриоттық сезім болу керек. Бұған қыздарымыздың мықты тәрбиесі арқылы қол жеткізе аламыз. Өйткені, қыз дегеніміз – болашақ ана. Рухани әлемді кеңейтіп, тілдің қолданысын арттыруда ананың орнын ешқандай мемлекет, мектеп баса алмайды. Тіл анадан балаға, баладан немереге жалғаса беретін белгілі мұра деңгейіне жетуі тиіс. Құр заңмен біз қазақ тілінің мәртебесін көтере алмаймыз. Егер адамның өзінің ішінде тілге деген терең сезімі болмаса бәрі бекер. Одан кейін қызмет көрсету саласын қазақ тіліне аудару керек. Бұл мәселені мен үнемі көтеріп жүрмін. Ол үшін, жұмысқа тұратындар мемлекеттік тілді білу деңгейі бойынша емтихан тапсыруы керек.

– Қазақтың рухани шырақшысы Абай хақимінің үйінің қара

сен миллионерсің бе, министрсің бе, депутатсың ба бір-бірімізге көмектесе білудің керектігін түсініп, сезініп жүргеніміз абзал. Ұлттық деңгейдегі бірлік дегеніміз – осы. Оның белгілі символдары және іс-қадамдары болуы тиіс.

Қазір әлем халықтарының бір пайызы дүниежүзіндегі байлықтың тоқсан тоғыз пайызына ие. Бұл технологияның, қаржы қатынастарының дамуына, жаһандандудың кенеюіне байланысты. Мемлекет халық үшін жұмыс істеу керек. Мемлекеттік реттеу деген бар. Оның аясында – аналарға, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға, сонымен бірге ауылдан шыққан балаларымыздың интеллектуалдық деңгейін, техникалық машығын арттыруға көмектесу – кезек күттірмейтін мәселе. Бұған тек мемлекет қана емес, жекелеген азаматтар да атсалысу керек. Бұл дегеніміз ауылдық мектептерге тек компьютер емес, робототехника, цифрлық технологияны оқытатын қосымша сабақтарды, факультативтерді ашу, ауылдан жас таланттарды тауып, олардың жоғары оқу орындарына түсуіне мүмкіндік туғызу. Сол кезде ұлттық бірлік деген идея өздігінен іске қосылады. Бүгінгі таңдағы ең негізгі мәселе – ұлттық бірлік идеясын дамыту.

– Соңғы кезде патриотизм туралы мәселе көтеріп жүрсіз. Патриот болу үшін адам білімді болу керек дейсіз. Ал, біздің көптеген оқыған, білімдер замандастарымыз елімізде өз қабілетіне, біліміне қолдау таппай шетке кетіп жатыр. Жалпы, патриоттық сезім деген не, оны қалай дамытуға болады?

– Мәселеге басқа қырынан қарауымыз керек. Он тоғызыншы ғасырда Жапония дамуы кенжелеп, Еуропа елдерінен, АҚШ-тан көп артта қалып

қойды. Сол кезде күн шығыс елі өзінің балаларын шет елге, яғни Еуропа, Америкаға оқуға жіберіп отырып: «Біз балаларымызды оқуға жіберіп, батыстың технологиясын алып келуіміз керек, бірақ ішкі дүниеміз жапон болып қалуы керек» деп ұран тастады. Осының арқасында Жапония отыз жылдың ішінде Еуропаны қуып жетті. Жиырмасыншы ғасырдың басында Қытай мемлекеті өздерінің жастарын Еуропаға жай жұмыс істеуге жіберген. Дэн Сяопиннің «мысықтың түсі қандай екені бәрібір, тек тышқан ауласа болды» деген философиясы содан шыққан. Қазір осы елдер алып державаға айналып отыр. Сондықтан Қазақстан азаматтарының шетелге барып, оқып немесе жұмыс істеуінен трагедия жасаудың қажеті жоқ. Керісінше, олар сол жақтағы технология, экономиканың бәрін игеріп, Қазақстанға әкеліп, қолданғаны дұрыс.

– Көп азаматтарымыз барған жерінде тұрақтап қалып жатыр ғой...

лықтан бұл заңды үрдіс. Оған ешқандай шек қою мүмкін емес. Мұндағы негізгі мәселе – халқымыздың қайда жүрсе де өзін қазақ ретінде сезінуін қалыптастыру. Ең негізгі міндет – осы. Мысалы Қытай, Израиль мемлекеттері шетте жүрген азаматтарын мемлекеттік мүдделерін жүзеге асыруға пайдаланып отырады. Біз де осының жүйесін жасауымыз керек. Бірақ ең негізгі мәселе – ұлттық дәстүріміздің, ұлттық кодымыздың, бәт-әлпетіміздің сақталуына күш жұмсауымыз керек. Бұл мәселе қазақтың негізгі діңгегі. Қай жерде жүрсек те біз қазақы болмысымызды, рухани әлемімізді сақтауымыз керек.

– Десе де, шенеуніктердің ел алдындағы жауапкершілігіне көңіл тола бермейді...

– Мәселе – жүйеде. Біз шенеуніктердің барлығын сынай береміз. Шын мәнінде олардың бірі сіздің бауырыңыз, бірі досыңыз, бірі көршіңіз. Шенеунік деген біздің өзіміз. Сондықтан оларға деген көзқарасты өзгерту керек. Бірақ бүгінгі таңда ең негізгі мәселе – қоғамдық бақылауды барлық деңгейде күшейту. Осы тұрғыда Қазақстанда биыл 830-дан астам әкім тікелей сайлаудан өтетін болды. Бұл қоғамдық бақылауды күшейтуге әкелетін шара. Екіншіден, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осы қоғамдық бақылауды күшейтудің құқықтық негізін жасауға тапсырма берді. Заң жобасы келесі сессияда Парламентке түсуі ықтимал. Бұл біздің мемлекеттік және квази-мемлекеттік органдарға, олардың бюджетін, іс-қимылын бақылауға қоғамның араласуына белгілі бір деңгейде жол ашады. Біздің еліміздегі қоғам мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың басқа моделіне алып келеді. Жалпы, шенеунікті кінәлай бермей, олармен бірге жұмыс істеуіміз керек. Мысалы, Нұр-Сұлтан қаласында, басқа да аймақтарда бюджеттің әлеуметтік бөлігі ашық. Ол қалай қалыптастырып жатыр, қалай бөлініп жатыр, түгел онлайн режимінде көруге болады. Бізде азаматтарымызға осыны бақылауға үйрету, жүзеге асыруға бағыт-бағдар берілу цифрлық технологияны пайдалану, сонымен бірге ғаламтормен жұмыс істеудің әдістерін үйрету керек. Сонда көптеген мәселе өздігінен шешіледі.

– Осы бізге Кеден одағы, Еуразиялық экономикалық одақ секілді экономикалық интеграциялар не берді?

– Экономикалық интеграция – дүние жүзілік тенденция. Жаһандану процесі болғандықтан соңғы кезде дүниежүзіндегі геосаяси жағдай ушығып кетті. Сондықтан санкция, контрсанкция, бір-бірінің нарығын жабу деген мәселелер пайда болды. Егер осы проблемалар шешілетін болса, интеграциялық одақ мемлекетке пайда әкеледі. Десе де, елімізде интеграциялық одақтарда мемлекетіміздің мүддесін сақтау үшін нақты тетіктер жасалу керек. Бұл ретте Қазақстанның басқа елдерге тауарын кедергісіз өткізуі ең негізгі мәселе. Сонымен бірге, өзге елдердің тауарларын импорттаған кезде біздің елдің тауар өндірушілеріне белгілі бір артықшылықтар берілуі басты орында тұруы керек.

– Қоғамда тарихымыз көп қаузалып, өткенімізді жаңғыртуға деген ұлтымызға наразылық бар. Мұны қазіргі проблемалардан назарды бұру саясаты деп бағалайтындар шығуда. Сіздің пікіріңіз?

– Керісінше, біз өз тарихымызды білмейміз. Алтын Орданың кезінде Қазақстанның аумағында Токтамыс, Едіге, Орыс хандар билік үшін бір-бірін қырып тастаған. Сол кезде осы мемлекет қайраткерлері өзара ынтымақта болса империя сақталып қалушы еді. Біз осыдан сабақ алып, оны қайталамауымыз керек. Ол үшін тарихты терең білу өте маңызды. Онсыз болмайды. Аталмыш хандарымыз жайлы бізге жеткен деректерді оқып отырсаң, ол кісілердің бойында мықты қасиеттер көп болған. Сол кезде ортақ мемлекет, ортақ ел деген мүдделер болатын болса, олар сол артықшылықтарын елді ұйытуға, халықты сақтауға жұмсар еді. Бүгінде бас ауруымыз болып отырған ұлттық діл, тіл, рух деген мәселелер туындамаған болар еді. Тарихымызды білмеуіміздің салдары осындай жағдайға жеткізіп отыр. Сондықтан біз үшін алдыңғы кезектегі мәселе – тарихи жадымызды қалпына келтіру.

– Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге рақмет!

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»

ТАҒЫМ

# БІЛІКТІ ТӨРАҒА, БІРТУАР АЗАМАТ ЕДІ



Сот саласында ұзақ жылдар нық тіресе жұмыс жасаған, қарапайымдылығымен, биік адамгершілігімен көптің көкейінде қалған әріптесіміз туралы өткен шақпен пайымдау қаншалықты қиын, қаншалықты ауыр екені айтпаса да түсінікті. Артына ұлағатты ұрпақ, өнегелі іс қалдырған, отандық сот жүйесінің абыройын асқақтатуға сүбелі үлес қосқан марқұм Қадырғалиев Базарғали Мамышұлының есімі біздің жүрегімізден өшпек емес, қайта жылдар өткен сайын жаңғыра түсері даусыз.

Базарғали Қадырғалиев Атырау өңірінің тумасы. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің түлегі. Еңбек жолы сан қилы азамат қызмет баспалдағын Гурьев облыстық кинофикация басқармасының инженері болып бастап, 1977–1980 жылдар аралығында Кеңес әскері қатарында азаматтық борышын өтеді. Одан кейін Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы Гурьев химия зауытында оператор, Гурьев облысы құрылыс-монтаждау басқармасы тресінің жүргізушісі, №4 кәсіптік-техникалық училищесінің өндірістік оқу шебері лауазымын абыроймен атқарды. 1989 жылдан бастап «Қаззахимремонт» тресінің ІІ дәрежелі заң кеңесшісі, құрылыс материалдар комбинаты өндірістік бірлестігінің ІІ дәрежелі заң кеңесшісі, Балықшы аудандық прокуратурасында тергеуші, аға тергеуші болған. Құрманғазы аудандық прокурорының көмекшісі, Батыс Қазақстан облыстық көлік прокурорының көмекшісі, Атырау облыстық көлік прокурорының аға көмекшісі, көлік прокурорының орынбасары қызметтерін абыроймен атқарып, әріптестері арасында үлкен құрметке бөленді. 2003 жылдан Атырау облысы Әділет басқармасының нормативтік құқықтық актілерді тіркеу бөлімінің бастығы, Атырау облыстық заң консультациясының адвокаты лауазымында өз міндетін абыроймен атқарды.

Базекен сот саласындағы қызметін 2004 жылы Атырау қаласының №2 сотының судьясы болып бастады. 2007–2011 жылдары

аралығында Мақат аудандық сотының төрағасы, ал 2011–2015 жылдары Атырау қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының төрағасы болды. Соңғы қызметі – Махамбет аудандық сотының төрағалығында өткен.

Бүкіл саналы ғұмырын мемлекеттік қызметке арнаған ардақты азаматтың құқықтық салаға қосқан үлесі ел аузында. Оның қара қылды қақ жарып, билерге тән айтқан үкімдері мұрағат беттерінде сақтаулы тұр.

Мен облыстық сотқа төраға болып жұмысқа кіріскен кезде аудандық соттардың жұмысымен танысуды ең бірінші болып Махамбет аудандық сотынан бастаған едім. Сол жолы көзбен көріп, көңілге түйгендерім менің Базекен туралы жақсы пікірімді одан әрі бекіте түсті. Қарапайым, сөзі мен ісінің арасында алшақтық жоқ. Өзіне де, өзгелерге де қатаң талап қойып, айтқанын орындата біледі.

Жұмыстан тыс уақытта мүлдем басқаша. Үлкенге ізетпен қарап, кішіге қамқор болу оның бойындағы бұлжымас қасиеттердің бірі. Шамасы келгенше алдына келген адамдарды түсінуге, мүмкіндігіне қарай заң аясында көмектесуге тырысады. Өтірік уәде беріп, артынан сөзін жұтып қою ол кісінің мінезін мүлдем жат.

Атырау облыстық сотының мұражайын ашу кезінде Судьялар одағының Атырау филиалының төрағасы ретінде жарпақ құлағы жастыққа тимей жұмыс жасады. Мереке сайын сот, соғыс ардагерлерін, жетім балалар үйінің тәрбиеленушілерін, басқа да мұқтаж адамдарға қамқорлық көрсетуде Базекен жаулауы алда жүретін. Сот өміріндегі әрбір қоғамдық, саяси оқиғалардың басы-қасынан табылатын. Базекен осындай білікті төраға, біртуар азамат еді.

Б.Қадырғалиевтің сот саласының абыройын асқақтатып, мәртебесін биіктетудегі еңбегі әрдайым жоғары бағаланып келді. Үлгілі қызметі үшін 2011 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. ҚР Судьялар одағы төрағасының қаулысымен «Үш би» құрмет белгісімен, ІІ дәрежелі «Сот жүйесінің үздігі» тесбелісін төсіне жадады. ҚР Жоғарғы Соты төрағасының, ҚР Судьялар одағы төрағасының, Атырау облыстық соты төрағасының мақтау грамоталары, алғыс хаттарына ие болды. 2018 жылы «Махамбет ауданына 90 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Б.Қадырғалиев жұбайы Айсұлумен бірге Бауыржан, Асылжан есімді ұлдарын тәрбиелеп өсірді. Екеуі де жоғары білімді, облыс көлемінде үлкен беделге ие болып, абыройға бөленген азаматтар.

Қазір аразмызда Базекеннің өзі болмағанымен, оның тәрбиесін көрген шәкірттері, шаңырағын шайқалтпай ұстап отырған жұбайы, әке атағына дақ түсірмеуге барынша атсалысып жүрген ұрпақтары бар. Бүкіл сот ұжымы, Базекеннің көзін көрген, тәрбиесін алған азаматтардың барлығы оның жоқтаушылары екендігі даусыз.

**Бауыржан ЖҰМАҒҰЛОВ,**  
Атырау облыстық сотының төрағасы

ЖАҢА КОДЕКС



**Б.ЕЛШБЕКОВ,**  
Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы

тыдағы сот осы кодекстің 127-бабында белгіленген мөлшерде ақшалай өндіріп алуды қолданады.

Ақшалай өндіріп алу жеке тұлғаға, лауазымды адамға, заңды тұлғаға не оның өкіліне 10 АЕК-тен бастап 100 АЕК-ке дейінгі мөлшерде қолданылады. Сот ақшалай өндіріп алуды қолдану туралы ұйғарым шығарады, оның көшірмесі ақшалай өндіріп алу қолданылатын адамға табыс етіледі. Ақшалай өндіріп алуды қолдану туралы мәселені қарау өзіне қатысты мәжбүрлеу шарасы қолданылатын адамға алдын ала хабарлана отырып, сот отырысында жүргізіледі.

Сот процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде сот белгілеген мерзімді дәлелсіз себептермен бұза отырып дәлелдер ұсынылған, тапсырмалар орындалған жағдайларда, егер бұл әкімшілік істі қараудың созылуына алып келсе, әрбір әрекет, әрекетсіздік үшін он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

Сонымен қатар, кодекс егер берілген әкімшілік актімен келіспеу жағдайында жоғары тұрған әкімшілік

# ЗАҢ ҚОҒАМ ҚАЖЕТТІЛІГІНЕН ТУАДЫ

Мемлекет басшысы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауында азаматтарымыздың жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде теңсіздік жағдайда қалып жататынын, олардың мүмкіндіктері мемлекеттік органдармен салыстыруға келмейтінін, осыған орай дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде әкімшілік әділет құрылымын енгізу қажеттігін атап өтті.

Бұл мәселе шешімін тауып, 2020 жылғы 29 маусымда Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қабылданды. Ол қолданысқа ағымдағы жылдың І шілдесінен бастап енгізіледі.

Жаңа кодекс мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейді.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің негізгі міндеті – азаматтардың, заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік органдардың жария құқық саласындағы заңсыз әрекеттерінен қорғау. Жалпы алғанда, кодекс қарапайым адамның құқықтарын қолында билігі бар адамдармен теңестіруге арналған. Мемлекеттік органдардың әрекеттері мен шешімдері сотта даулануы, кемшіліктер мен қателіктерді көрсету, процеске қатысатын барлық тараптардың жұмыс сапасын арттыруға көмектеседі. Азаматтар мемлекеттік орган қабылдаған шешімнің заңды екеніне сенімді бола алады.

Сондай-ақ, кодекс аясында соттың белсенді рөлі айқындалған. Яғни, әкімшілік процестің азаматтық процестен маңызды айырмашылығы сот дәлелдерді жинау бойынша бастаманы көтереді, барлық қажетті құжаттарды арыз берушіден емес, мемлекеттік органдардан талап ету мүмкіндігіне ие болады. Ал, дәлелдеу міндеті әкімшілік актіні қабылдайтын әкімшілік органға жүктеледі.

Соттың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін оны үш жұмыс күні ішінде сот орындау үшін жауапкерге жібереді. Жауапкер әкімшілік іс бойынша соттың шешімін заңды күшіне енген күнінен бастап бір ай мерзімде орындауға, ол туралы сотқа хабарлауға міндетті. Егер соттың шешімінде белгіленген мерзімде ол ерікті түрде орындалмаған жағдайда, бірінші са-



органға шағым түсіруді қарастырады. Осы ретте әкімшілік органда немесе өкілетті тұлғада егер ол үш жұмыс күні ішінде қолайлы әкімшілік актіні қабылдаса, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекетті жасаса, шағымды жоғары тұрған органға жібермеу мүмкіндігі бар.

Кодекс жария-құқықтық қатынастардан туындаған дауларды бейбіт жолмен реттеу, яғни татуластыру рәсімдерін кеңінен қолдану тетіктерін де қарастырған. Егер тараптар дауды татуласу, медиация не партисипативтік жолмен шешуге тоқтаса, онда келісім жазбаша түрде жасалады. Оған екі жақ немесе олардың өкілдері қол қояды. Судья тараптардың татуласуы үшін қажетті шаралар қабылдай алады, дауды процесс барысында реттеуге көмектеседі.

Тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады. Жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде тараптардың татуласуына жол беріледі.

Жаңа заңнама талаптарын жүзеге асыру мақсатында жария-құқықтық қатынастардан туындаған дауларды қарайтын 21 мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сот І шілдеден бастап қызметіне кіріседі.

Жаңа заңнама жеке және заңды тұлғалардың бостандықтары мен мүдделерін, жария құқықтарын қорғауға ықпал етіп, заңдылықты нығайтатынына сенеміз. Заң қоғам қажеттілігінен туады.

ІНДЕТ

Қоғамның ілгерілеп, алға басына кедергі келтіретін әртүрлі факторлар бар. Солардың бірі – сыбайлас жемқорлық. Мемлекет қалыптасып, өзінің даму бағыт-бағдарын айқындағаннан бастап осы індетпен күреседі.

Бұл күрестің де формасы мен ортасы әртүрлі. Мұндағы ең үлкен мәселе сыбайлас жемқорлықпен күрестің кешенді әрі ерікті түрде жүрмеуі. Жекелеген азаматтардың белсенділігі қордаланып тамырын жайған індет алдында дәрменсіз. Сол себепті де мемлекеттің әрбір азаматы өзі өмір сүріп жатқан ортаның дамып, гүлденіп алға басыу жолында белсенділігін танытуы тиіс. Жемқорлықпен күрес, оған төзбеу әрбір санада, әрбір көңілде, әрбір азаматтың өн бойында қалыптаспай тұрып жемқорлықты жоямыз деу ақылға қонымысыз.

Мемлекеттік механизм, басқару жүйесінің немесе жемқорлыққа қарсы күрес агенттіктерінің қабылдап, жүзеге асырып жатқан жемқорлыққа қарсы арнайы бағдарламалары неге нәтижесіз? Мұндағы негізгі себеп тұтас қоғамның жүйеленген түрде бір кісідей бұл індетпен күреспейуі. Егер жемқорлықтың қоғамды ірітетін, барлық са-

# ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖЕҢУГЕ БОЛАДЫ

ланың дамуын тежейтін, кері тартатын індет, үлкен дерт екенін мемлекеттің әрбір азаматы бала күнінен түсініп өспесе, онымен күресті өзінің қалыптасу кезеңінің бәрінде жүзеге асырмаса мемлекеттің өз бетінше адал қоғам, әділетті таза қоғам орнатуы неғайбыл. Осындай факторларды ескере отырып, мемлекеттік басқару механизмдері сыбайлас жемқорлықпен күрестің жетілдірілген жана тәсілдерін ойлап табуы керек. Егер әрбір қазақстандық жемқорлықтың кесірі өз баласына, тіпті одан кейінгі ұрпағына тиетінін сезініп,

онымен күресті бүгіннен бастаса жас мемлекеттің жемқорлықпен күрес көрсеткіші де артар еді.

Сыбайлас жемқорлықтың тамыр-таныстықтан бастау алатыны, кез келген мәселені шенеунікке пара беру арқылы шешуге ұмтылатыны ең алдымен ҚР заңдарына деген немкетті көзқарастан туады. Мемлекетті құраушы кез келген азамат өз елінде сол мемлекеттік заңдары бар екенін, оған бағынуға міндетті екенін түсінуі керек. Заңды сыйлап, заңын құрметтеген елде ғана заңсыздықтардың жолы кесіледі.

Жемқорлыққа тұсау салынады. Қазір халық құқықтық сауаттылыққа бет бұрды. Өзінің есесі желінбес үшін, екінші біреуге алданбас үшін тіпті білім-білігі толық азамат болып өмір сүруі үшін де заңды білу қажет екенін, құқықтық сауаттылықты арттыру керек екендігін түсінді. Бірақ осындай үлкен өзгерістер мен рухани кемелденуге бет бұрса да, барлық саладағы жемқорлықты азайту мүмкін болмай тұр. Ендеше, қазақ қоғамын жемқорлықтан арашалау үшін қайтпек керек? Өз тарапымыздан бұл індеттің қоғам үшін тигізген заралын саралай отырып, мынадай тұжырым айтуға болар деп шештік.

Ең алдымен, жемқорлықтың үлкен індет, ірі тажал екендігін бала санасына сіңіру қажет. Және жастар мен жасөспірімдерге жемқорлыққа, бопсалауға, паракорлыққа еш уақытта төзбеу керектігін, үлкен күрестердің бастауы осындай кішкене кезден басталатынын ұғындыру бізге – парыз.

Екінші бір мәселе мемлекеттік қызметте орын алатын осындай жемқорлық фактілерін халық алдында ашық әшкерелеу. Қызметкері жемқорлыққа

ұрынған мекеме репутация, беделінің төмендейтінінен қорықпау керек. Жемқорлыққа ұрынған қызметкерін халыққа жария етіп, ел алдында ресми түрде кешірім сұрауға тиіс, әрі мұндай сорақы оқиғаларға алдағы уақытта жол берілмейтініне мекеме басшысы кепілдік бергені жөн.

Үшіншіден, мемлекеттік қызметкердің пара сұрауына кез келген азамат жол бермеуі керек және өз тарапынан қызметкерге мұндай ұсыныс жасамағаны жөн. Бізде анықталған көп жағдайларды бағамдасаныз, пара ұсыну қарапайым азаматтардың өз тарапынан болады. Сыбайлас жемқорлық оқиғасына тап болған кез келген тұрғын оған төзбеуге, ол жайды әшкерелеуге тиіс.

Жемқорлықпен осындай кешенді түрде бірлесе отырып күрескен жағдайда ғана біз оң нәтижеге қол жеткіземіз. Онсыз әділетті, таза, ашық қоғам орнату мүмкін емес.

**Н.ОМАРБЕКОВ,**  
Алматы облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

МІНСІЗ ҚЫЗМЕТ – АБЫРОЙ КЕПІЛІ

Мемлекетті өркендету, дамыту бағытындағы ең жауапты іс – мемлекеттік қызметшілерге жүктелетіні мәлім. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуінің негізі» атты жолдауында халықпен тиімді кері байланыс орнатуды, қоғамдық диалог, ашықтық, адамдардың мұң-мұқтажына жедел назар аудару мемлекеттік органдар қызметінің негізгі басымдықтары саналатынын айтты.

Жалпы, мемлекеттік қызмет қашанда мінсіз болуы тиіс. Себебі, елдің ертеңі осы мандатты иеленіп, қызмет атқарып жүрген жандарға байланысты. Түптеп келгенде, мемлекеттік қызметкер билік пен халықтың арасындағы алтын көпір.

Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің 1-тармағына сәйкес, мемлекеттік қызмет атқару – қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенімге ие болу деген сөз. Мемлекеттік қызмет үшін беделдің, яғни имидждің қызметтік және мәртебелік маңызы зор. Ол халықтың оған деген сенім деңгейінің көрсеткіші және қоғамның басқарушылық қызметінің тиімділігіне берген бағасының өлшемі. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмей, кез келген ортада сыпайы жүруге тиіс.

Мемлекеттік қызметші үнемі өзінің жоғары мәртебесіне сай, байыпты және кәсіби тұрғыда қалыптасуы тиіс. Себебі, көпшіліктің көңілін күпті еткен түйінді жайларды шешуде бірден-бір өкілетті тұлғаға қойылатын талаптар өлшемі уақыт ағымына сай жаңа сатыға көтеріле бермек.

Мемлекеттік қызметші адамгершілікке нұқсан келтіретін жағдайларға жол бермеуі керек. Мемлекеттік қызметшінің – өз қызметі шегінде барынша ұқыпты, адал, қай кезде де өзгеге үлгі бола білуі және мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмей, қызметті мінсіз атқарғаны жөн.

Асылжан АЛМАСОВ,  
Жаңақорған аудандық сотының  
жетекші маманы  
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

БЕТБҰРЫС

Құқықтық реформалар нәтижесінде сот қазіргі заманның талаптарына сай келетін жаңа мазмұнға ие болды. Онда Жоғарғы Сот төрағасының өкілдіктерін кеңейтуге, судьялардың құқықтық мәртебесін көтеру мен әлеуметтік қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар прогресшіл ережелер енгізілген:

– судьялар әкімшілігі – судьяларды материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі функциялар түсінігі енгізілді, ол Жоғарғы Сот жанындағы қайтадан құрылған Сот әкімшілігі жөніндегі комитетке жүктелді. Бұрын бұл өкілеттілік Әділет министрлігінің құзыретінде болатын;

– облыстық соттардағы және Жоғарғы Соттағы алқалар мен Жоғарғы сот пленумының орнына қадағалау төралқалары мен жалпы отырыстар құру көзделді.

Сот төрелігін тек Конституцияда көзделген сот органдары – алқалар ғана жүзеге асыратын болды. Сот қызметіндегі жалпы ұйымдастыру мәселелерін шешу үшін:

– сот өндірісін бір ізге салу мақсатында республика соттарындағы шаруашылық және азаматтық істер жөніндегі алқалар біріктірілді; – судьялардың тәуелсіздік кепілдіктері күшейтілді. Мысалы, бұрын сот органдары мен Әділет министрлігінің судьяларға қатысты тәртіптік істерді қозғау құқығы болса, енді бұл құқық тек республика судьяларының күліі ісіне қатысты – Жоғарғы Сот төрағасына және облыстық сот төрағасына ғана тиесілі.

Судья лауазымдарына тағайындау рәсімдерінің ашықтығы мен жариялылығы қамтамасыз етілді.

Жоғарғы Сот алқалары төрағалары мен судьялары, жергілікті соттар төрағалары, алқалар төрағалары бос лауазымға кандидаттарды ұсыну, сондай-ақ республика судьялары өкілдіктерін жоғарту жөнінде ұсыныстар енгізу тек қана Жоғарғы Сот төрағасы құзыретіне жатқызылды.

Сот корпусының сапалы құрамын жақсарту үшін судья лауазымына кандидаттарға қойылатын жаңа қосымша талаптар – біліктілік емтиханын табысты тапсырған тұлғалардың міндетті түрде тағлымдамадан өтуі белгіленді.

Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады.

Соттың ерекше өкілеттілігін басқа органдарға беруді көздейтін заң актілерін шығаруға

тыйым салады. Ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттілігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге құқығы жоқ.

Сот ісін қарау тәртібімен қаралуға тиіс өтініштерді, арыздар мен шағымдарды басқа ешқандай органның, лауазымдық немесе өзге де адамдардың қарауына немесе бақылауға алуына болмайды.

Сот билігі ҚР атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға, Республика Конституциясының, заңдарының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Әркімге мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды және өзге де адамдардың Республиканың Конституциясында және заңдарында көзделген құқықтарға, бостандықтар мен заңды мүдделерге нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін кез келген заңсыз шешімдері мен іс-қимылдарынан сот арқылы қорғалуға кепілдік беріледі.

Сот билігі азаматтық, қылмыстық және заңда белгіленген өзге де сот ісін жүргізу нысандары арқылы жүзеге асырылады.

Судьялар сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және тек Конституция мен заңға ғана бағынады. Судьялардың мәртебесі мен тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін заңдарды немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға жол берілмейді.

Сот төрелігін іске асыруда сот қызметіне қандай да бір араласуға жол берілмейді және заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді.

Сот шешімдері мен судьялардың өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезіндегі талаптарын барлық мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары, жеке заңды тұлғалар орындауға міндетті. Сот шешімдері мен судьяның талаптарын орындамау заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

Қазақстан Республикасының сот жүйесі Конституциямен және Республиканың конституциялық заңымен белгіленеді. Қазақстан Республикасының соттар жүйесін Жоғарғы Сот және Конституцияға, сондай-ақ, Конституциялық заңға сәйкес құрылатын жергілікті соттар құрайды. Жергілікті соттарға облыстық және оған теңестірілген соттар (Алматы қалалық, Нұр-Сұлтан қаласының, ҚР әскерлерінің Әскери соттары) аудандық, қалалық және әскери соттар жатқызылады.

Республика Конституциясында белгіленгендей, кез келген басқа органдардың лауазымды тұлға немесе басқа тұлғаның сот функцияларын өзіне алуға хақысы жоқ. Сонымен қатар Конституция қандай да бір атаумен арнаулы және төтенше соттар құруға жол бермейді. Дегенмен, ҚР мамандандырылған (әскери, экономикалық, әкімшілік, т.б.) соттар құрылуы мүмкін.

2000 жылғы 25 желтоқсандағы «Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңында сот жүйесінің бірлігі белгіленген, ол мынадай жолдармен қамтамасыз етіледі:

- сот төрелігін конституциялық принциптерге сәйкес жүзеге асыру;
- сот жүйесінің Конституциямен және Конституциялық заңдармен белгіленуі;
- соттарды құру тәртібімен;
- сот билігін сот ісін жүргізудің заңмен белгіленген нысандарымен жүзеге асыру;
- соттардың бірыңғай заңдарды қолдануы;
- заңды күшіне енген сот шешімдерінің республиканың бүкіл аумағында орындалуы;

Альмира АБИЛОВА,  
Көкшетау қалалық сотының  
жетекші маманы

МҰРАГЕРЛІК

9. 21.05.2021 жылы қайтыс болған Доғалов Жетеннің артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Н.Ж.Қайнарбековаға келулеріңіз керек: Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек селосы, Б.Момышұлы көшесі 81«А», тел.8(72-776)24064.

10. 3 Сәуір 2018 жылы қайтыс болған Бекбосынов Нусипжан Алимжановичтің артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ә.Б.Әкімханға келулеріңіз керек: Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Б.Момышұлы көшесі №81 «А», тел.ном: 8(777)3677912.

11. 20.05.1962 жылы туған Джаналиева Майя Балықбаевнаның артынан 07.12.2020 жылы қайтыс болғаннан кейін мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, С.Қожанов көшесі, 31 үй мекенжайы бойынша нотариус Кобегенова Гүлмира Крымовнаға келулері қажет. Тел.: 87781000934.

12. 18 желтоқсан 2020 жылы қайтыс болған Сарсебаева Керимханның артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ә.Б.Әкімханға келулеріңіз керек: Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Б.Момышұлы көшесі 81«А», тел.87773677972

ТАРАТУ

4. «Оқжетпес кафеі» ЖШС, БСН 980740005286, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абылай хан даңғылы, 26а үй. Тел.: 87017309123.

5. «Нутти-Ақтау» ЖШС, БСН 170540009807, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 17-ықшамаудан, 3-үй. Тел.: 87018770577.

6. «ЖШС «ФЕРА Сервис»» ұйымы, БСН 090640009368 (Атырау қаласы, Авангард мөлтек ауданы, 4-8-34), өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Құрманғазы селосы, Құрыш Елемесов көшесі, №9 үй. Тел.870119940345.

7. «Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясы студенттерінің «Дәуір» жастары қоғамдық бірлестігі» ұйымы, БСН 080540018341 (Қазақстан Республикасы, Орал қаласы, 090000, Ф.Қараш көшесі, 12, 1 кабинеті) өзінің

жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Сарытау шағынауданы, Ақын Сара 1 үй. Тел.87475245812.

8. «Отаха» жауапкершілігі шектеулі серіктестік ұйымы, БСН 200240013347 (Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Т.Рыскулов көшесі, 57А үй, 2 пәтер, индекс 030012), өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 13 үй, 1-ші корпус, 69 пәтер, индекс 030012. Тел.87712271906.

13. «New Bridge Academy»/ «Нью Бридж Академи», БСН 0807400016694, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Қайырбеков көшесі, 81-үй. Тел.: 87086718606.

ӨРТҮРЛІ

2. «Корпорация Казтрубопроводстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 020940004924, өзінің несиегерлері мен мүдделі тұлғаларды жарғылық капиталдың 21 743 772 (жылдам бір миллион жеті жүз қырық үш мың жеті жүз екі) тенгеге дейін азайтатын туралы ескерту. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050046, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Сәтпаев көшесі, 69А үй.

3. Қазақстанның аудиторлар одағының Қазақстан Республикасының аудиторлығына кандидаттарды аттестаттау жөніндегі Біліктілік комиссиясы жекеменшік мекеме ҚР хабарлайды, сессияның қорытындысы бойынша Алматы қаласы, 28-30 сәуір, 11-13 мамыр 2021 жылы алған аудиторлардың біліктілік куәліктері ҚР келесі кандидаттар: Иманалина Жанар Бақтығалиқызы, МФ № -0001598 1.06.2021 ж.; Назарбекова Назира Бейсеновна, МФ № -0001599 1.06.2021 ж.; Жексембекова Арайлым Тайырвна, МФ № -0001600 1.06.2021 ж.; Горбунова Елена Сергеевна, МФ № -0001604 1.06.2021 ж.; Сағындықов Халил Нұрланович, МФ № -00001602 1.06.2021 ж.; Токаева Айнуэр Эрмухамбетовна, МФ № -00001603 1.06.2021 ж.; Мажитова Лаура Мажитовна, МФ № № -0001604 1.06.2021 ж.; Кишибаева Раушан Атаханқызы, МФ № № -0001605 1.06.2021 ж.; Байдосов Талғат Хакимович, МФ № № -0001606 1.06.2021 ж.; Абельдина Айнуэр Асетовна, МФ № № -0001607 1.06.2021 ж.; Өтеу Қайрат Қалжанұлы, МФ № № -0001608 1.06.2021 ж.; Қадырова Айнуэр Қадырқызы, МФ № № -0001609 1.06.2021 ж.

15. Нұр-Сұлтан қаласының МАМС-ның 2021 жылғы 4 маусымдағы ұйғарымымен Нұр-Сұлтан қаласы, Бейсебаев көшесі, 32 үй мекенжайында орналасқан «МАРС-2» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, БСН 981040002645, қатысты оналту рәсімдерін қолдану туралы іс өндіріске алынды.

16. «Ремстройтехника» АҚ өз акционерлеріне 2021 жылғы 15 маусымда сағат 14.00-де Алматы облысы, Іле ауданы, ҚазЦНК ауылы, Өндірістік аймақ, 15-тепін, мажліс залы мекенжайында «Ремстройтехника» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өтетінін ескертеді. Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күні тәртібі: 1. Қоғамның 2020 жылдағы жылдық қаржылық есептілігін бекіту. 2. Қоғамның 2020 жылдағы таза табысын бөлу тәртібін және Қоғамның бір жай ақиясына есептендегі дивиденд мөлшерін анықтау. 3. Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне акционерлерінің жүргінуі және оларды қарастырудың нәтижесі туралы мәселені қарастыру. Жылдық жиналыс өтетінін жағдайда, акционерлердің жылдық жалпы жиналысы 2021 жылғы 19 шілдеде сағат 14.00-де сол мекенжайда қайтадан өткізіледі.

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі, 78, 105-көңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-көңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

«Аиди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қазақстан Республикасының Нұрлан Нұрғисыңұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053306918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директорлары Кривилова Татьяна Ивановна, Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argdanka\_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажимаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вьдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87722265506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-29-27,  
292-40-89,  
факс:  
8 (747) 428-26-10

E-mail:  
zanreklama@mail.ru  
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, көңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 көңсе.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

ТҮЙТКІЛ

# «КЕМЕНІ ҚАЛАЙ АТАСАҢ, СОЛАЙ ЖҮЗЕДІ»

## АЛ АДАМДЫ ШЕ?

**Мемлекеттік тіл мәселесінің бұқаралық ақпарат құралдарында айтылып, жазылып, көрсетіліп жүргеніне жарты ғасырдай уақыт өтті.**

Бұл әлі күнге дейін қоғамдағы көкейесті мәселелердің тізімінен түспей келе жатыр. Өйткені, өзін отаншыл, патриот, тіл жанашыры санайтын азаматтардың көбі әлі күнге дейін өз тегіндегі ов пен ова, ев пен евадан ғана емес, бір кездері түрлі себеппен қате жазылған аты-жөнін түзеуге асығар емес. Оны ел алдында жүрген Президент пен Премьер-Министрден бастап биліктің атқарушы, заң шығарушы және сот органдарында қызмет жасайтын мемлекеттік қызметкерлердің аты-жөнінен де айқын аңғаруға болады. Әрине, бұл әркімнің жеке ісі деп жылы жауып қоя салуға да болады. Бірақ елдің атын кейде оның танымал есімдері де әйгілі ететінін жоққа шығаруға болмас. Бүгінде бүкіл әлем жұртшылығы эзирбайжан, армян, грузин және шығыстағы көріс, жапон, қытай халықтарын аты-жөнінен-ақ оңай ажыратып жатады. Қазақ халқы әзірге бұл тізімде жоқ. Себебі, ұлттың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы мен таным-түсінігіне сай есімдерді төл

дыбыстық атауға сай қоюда мақтана алмаймыз. Қазақстанда соңғы 30 жылда ең көп қойылған есімдердің тізіміне көз жүгірткен кез келген адам оны бірден байқайды.

ҚР Ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда, 1991 жылдың қаңтарында дүниеге келген ұлдардың ішінде ең жиі қойылған есімдердің алғашқы бестігінде: Александр (335), Азамат (259), Бауыржан (236), Нұрсұлтан (232), Руслан (224), ал қыздар арасында – Айгерім (360), Анастасия (251), Айдана (218), Динара (203), Татьяна (189) көп болған. Он жылдан кейін дәл осы уақытта ұлдар арасында Бекзат (212), Александр (128), Никита (99), Азамат (93), Данил (92), қыздар арасында – Аружан (292), Диана (184), Айдана (175), Анастасия (160), Алина (135) танымал есімдер тізімін бастапты. Жиырма жылдан кейін Ерасыл (291), Санжар (184), Нұрасыл (178), Мирас (169), Алихан (164) мен Аружан (362), Каусар (317), Аяулым (214), Инжу (192), Айша (163) көбейген-

дей болған. Отыз жылдан кейін Алихан (387), Айсұлтан (259), Нұрислам (220), Алдияр (220), Алинұр (199) және Медина (435), Айлин (414), Асылым (392), Аяла (368), Айша (363) деген танымал есімдер бестігіне көз жүгірткен адам Әлихан емес Алихан боп жүрген және Медина, Айлин есімді балаларға қарап, олардың бойындағы қазақтығын аты-жөнінен көре алмасы анық.

Бұл «батпандап кірген ауру – мысқылдап шығады» дегендей кеңестік дәуірдегі «бір ел, бір халық» деген идеологияның сарқыншағы ғана емес. Кімге еліктерін білмей, көрген киносы мен оқыған кітабындағы кейіпкерінің есімін ғана емес, Азияда, Олимпиада ойындары мен Еуро көрмесін де оп-оңай есімге айналдыра салатын түсінігі ала-құла адамдардың мәдениетінің де көрінісі. Демократия, адам құқығы дегенді желеу етіп, енді ғана ана сүтінің дәмін сезіп, біліп жатқан нәрестені аузына түскен түрлі сөздер мен әркілі заттың атымен атай салуды ұят көрмейтін ата-ананың өз баласының ғана емес, қоғам алдындағы жауапкершілігін көтеру мақсатында бірқатар елдер жас сәбиіге қойылатын есімдердің тізімін жасап, оны заңдастыруға дейін барып жатқаны Әділет министрлігіне қарасты уәкілетті органдары ғана емес, заң шығару өкілдігіне ие Парламенттің қос палатасындағы депутаттарға да ой салып жатса қанеки. Осындайда қазақтың XX ғасырдағы әйгілі жазушыларының бірі Ғабиден Мұстафиннің «Жақсы тәртіп әдетке айналса – ырыс, жаман тәртіп әдетке айналса – қырсық» дегені еріксіз еске түседі.

**Нұрлан АЙБЕКҰЛЫ,**  
№148 мектеп-гимназияның  
11<sup>9</sup> сынып оқушысы

ПРОБАЦИЯ

**Түркістан қалалық пробация қызметі есепте тұрған жасөспірімдердің қайта қылмысқа бармауын қадағалауда. Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу. Сонымен қатар, көмелеттік жасқа толмағандар арасында орын алған қылмыстың өсуіне жол бермеу.**

## ЖАЗА БАСҚАҢДАР ҚОЛДАУ КҮТЕДІ

Қазіргі таңда өрімдей жастардың қылмыс жасауы көз үйренген көрініске айналып барады. Тәртібі қиын бала есейген сайын қылмыстың ауыр түрлерін жасауға бейімделетінін ескерсек, бұл аса өткір мәселе екенін мойындауға мәжбүрміз.

Жуырда пробация қызметкерлері Түркістан қаласында есепте тұрған жас жеткіншектің үйіне арнайы барды. Сотталған жігіттің ата-анасы, бауырларымен әлеуметтік-құқықтық тақырыпта ашық әңгіме жүргізді. Сонымен қатар, жаза өтеу тәртібін бұзбау, қайта қылмысқа бармау керектігі де ескерілді. Жыл жасөспірім өз кезегінде пробация қызметкерлеріне сұрақтарын қойып, тұщымды жауап алды.

Ол Түркістан облысы көмелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының үкімімен ұрлық жасағаны үшін кінәлі деп танылып, бір жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасына кесілген.

– Жаза басқандардың, түзу жолға түсуіне қоғам болып көмектесуіміз қажет. Қазір есепте тұрған көмелет-

ке толмаған сотталушыға медициналық, психологиялық, заңгерлік көмектер толығымен көрсетіледі. Алдағы уақытта осындай әлеуметтік құқықтық көмек көрсету бойынша игі бастама өз жалғасын табады деген сенімдемін, – деді Түркістан қалалық пробация бөлімінің инспекторы, психолог әділет лейтенанты Ақмарал Бекбай.

Ал Түркістан облысы бойынша өткен жылы пробация есебіне 41 жас жеткіншек тіркелген, жылдың соңына дейін олардың 31-і жазаларын өтеп тіркеуден шықса, қалған 11 жасөспірім әлі тіркеуде. Жыл басынан бері облыс бойынша пробация есебіне 9 адам тіркелсе, осы сотталғандардың 7-уі есептен шығарылған. Қазіргі таңда Түркістан облысы бойынша 13 көмелетке толмаған жасөспірім пробация есебінде тұр. Былтырғы жылмен салыстырғанда балалар арасында қылмыс біршама азайған. Бұл құқық қорғау органдарының жүйелі еңбегінің арқасы.

**Раушан НАРБЕК**  
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ПІКІР

## БАЛА – МЕМЛЕКЕТ ҚАМҚОРЛЫҒЫНДА

**Кез келген мемлекетте, қоғамда балалар ерекше қамқорлықта. 1959 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған Бала құқығы декларациясының мақсаты – барлық балаларға бақытты балалық сыйлау. Декларация барлық ата-аналарға, мемлекеттік билік өкілдеріне бала құқығын сыйлау, мойындау және үндеу идеясын айтады.**



Декларацияның мұнан арғы дамуы мен бала құқығына қатысты жағдайды заңдық түрде бекітуі негізінде 1989 жылы 20 қарашада Бала құқықтары туралы конвенция қабылданды. Бұл конвенцияны барлық БҰҰ-ға мүше мемлекеттер, соның ішінде Қазақстан да мойындады. Балалардың құқықтары мен мүдделеріне қатысты қазақстандық заңнаманың дамуы оның Конвенцияның қағидаттары мен ережелеріне мейлінше сәйкес болуы және баланың әлеуметтік қолайсыз ахуалының алдын алу үшін құқықтық жағдай жасау мақсатында жүзеге асырылды.

ҚР заңнамасына сәйкес бала мемлекеттің қорғауында. Балалардың – отбасында тәрбиелену басымдығы, олардың өсіп-жетілуі мен әлауқатты болуына қамқорлық жасалады. Баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығы, ата-аналарымен және басқа да туыстарымен

араласу құқығы, өз пікірін білдіру құқығы, атын, әкесінің атын және тегін алуға, өзгертуге құқығы, мүлдіктік құқықтары, өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау құқығы толық реттелген.

Балалардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету еліміздің мемлекеттік әлеуметтік саясатының басым бағыттарының бірі. Бұл мәселе ешқашан атүсті, аяқасты қаралған емес. Көмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған соттардың құрылуы сөзіміздің дәлелі. 2012 жылдың 4 ақпанындағы Президент Жарлығына сәйкес облыс орталықтарында, оның ішінде Ақтөбе облысында көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты ашылды. Бұл соттар балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға қатысты мәселелерді шешуде неғұрлым ауқымды мүмкіндікке ие. Мамандандырылған соттардың құрылуы көмелетке толмағандардың құқықбұзушылықтары туралы істерді қарау сапасын арттыруға, жүргізіп жатқан алдын алу жұмыстарының деңгейін көтеруге, көмелетке толмағандардың қылмыстарының және құқықбұзушылықтарының алдын алуға, қылмыстық және басқа да азаматтық, әкімшілік құқықтық қатынас аясында баланың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына оң ықпалын тигізді.

Отбасылық дауларда ата-аналардың келіспеушілік салдарынан балалар мүддесінің бұзылмауын қамтамасыз ету – парыз. Өйткені бүгінгі бала – ертеңгі ел болашағы.

**А.ЕСНИЯЗОВА,**  
**Ақтөбе облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсе бас маманы – сот отырысының хатшысы**

КӨКЕЙКЕСТІ



**Жеміс МАХСОТОВА,**  
Жәнібек адандық сотының  
бас маманы

**Қай заманда, қай қоғамда болмасын, отбасындағы бала тәрбиесіне екі ата-ана да бірдей ат салысуы қажет. Алайда, өртүрлі өмір жағдайларына байланысты ата-аналар отбасылық қарым-қатынаста келіспеушілікке ұшырап, бірге өмір сүруді жағастыра алмай жатады. Мұндай жағдайда ата-аналардың бірі баланы тәрбиелеу үшін жауапкершілікті өз мойнына алады, бірақ, ҚР заңнамасында екінші ата-ананы баланы күтіп бағуда алимент түрінде материалдық көмек көрсетуге міндеттейтін нормалар көзделген.**

Алимент деп біз көп жағдайда тек ажырасқан әкеңіз өз бала-

## АЛИМЕНТ АТА-АНАНЫҢ ОРНЫН АЛМАСТЫРМАЙДЫ

сына төлеуге міндетті ақысын айтамыз. Алайда, бұл төлем тек әкеге ғана қатысты емес, сонымен бірге анаға да жүктелетін міндет.

Қазіргі уақытта біздің қоғамда ата-ананың баласына алимент төлеуі жиі кездеседі. Жәнібек аудандық сотына бұйрық арқылы іс жүргізу тәртібі бойынша көмелетке толмаған балаларды күтіп-бағуға алиментті өндіріп алу туралы істер бойынша 2020 жылдың 5 айында 13 арыз түскен, ағымдағы жылдың 5 айында 3 арыз түсті.

Көмелетке толмаған балаларға алиментті сот бұйрығының негізінде сот талқылауының өндіріп алу мүмкіндігін көздейді. Көмелетке толмаған балаға алимент өндіріп алу туралы талапты сот ата-аналарының еңбекке қабілеттігіне, сондай-ақ, көмелетке толмаған баланың алиментке мұқтаждығына қарамастан қанағаттандыруы тиіс.

Алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде сот көмелетке толмаған балаларға олардың ата-аналарынан алиментті ай сайын мынадай мөлшерде: бір балаға – ата-анасы табысының және өзге де кірісінің төрттен бір бөлігін; екі балаға үштен бір бөлігін; үш және одан да көп балаға тең жартысын өндіріп алады. Алимент төлеуге міндетті адамның

жұмыссыздығы оны төлеуден босатпайды.

Көмелет жасқа толмаған балаға төленетін алиментті төлеуді кез келген уақытта талап етуге болады. Қашан ажырасқаны маңызды емес. Сонымен қатар, ажыраспаған болса, мысалы: азамат (әкесі) өзінің заңды некедегі жолдасына балаларына тапқан ақшасын бермей, материалдық жағдайын жасамаса, заңды некедегі жолдасы көмелетке толмаған баланың күтіп-бағуға алиментті өндіріп алу туралы арызбен сотқа жүгінсе болады.

Алимент төлеуге міндеттелген ата-ананың бірінің отбасылық, материалдық жағдайы өзгерсе немесе екінші рет үйленіп, балалы болса, денсаулық жағдайына байланысты қаржы қажет болса, алимент көлемін азайту жайлы сотқа арыз жаза алады.

Алимент мәселесіне келгенде бірінші кезекте баланың болашағын ойлаған дұрыс. Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Отбасының басты қазығы, алтын діңгегі – бала. Сондықтан әр ата-ана өз баласының балғын балалық шағын қамтамасыз етіп, оларға бақытты болашақ сыйлауға тырысса екен дейміз.

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН**  
**ОБЛЫСЫ**